



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Сократтан Платонға дейін



**Мақсаты** – Сократ философиясын талдау, Сократтан Платонға дейінгі жолды, сонымен қатар, Платонның идеялар теориясын қарастыру.

**Жоспары:**

1. Сократ философиясы.
2. Сократтан Платонға дейін.
3. Платонның идеялар теориясы.

**Түйін сөздер**

«Платон апологиясы», Сократ әдісі, Платон диалогтері, Платонның идеялар теориясы.

«Сократ философиясы» параграфында Кенни Сократ туралы Платонның еңбектеріне тарихи ақпарат көзі ретінде қай кезеңге дейін қаншалықты шүбәсіз сенуге болатынын анықтау үшін Платон мәтіндерінің хронологиялық бірізділігін нақтылап, айқындау қажет екенін атап көрсетеді. Осыны орындаған жағдайда біз оның шәкіртінің ерте диалогтарында көрсетілген Сократтың өз философиясын сол күйінде сипаттай аламыз, – деп есептейді «Антика философиясы» кітабының авторы.

Платонның ертеректегі шығармаларынан бастап, ең алдымен «Сократ апологиясы» және «Критон» диалогына аса назар аударған жөн болар. Бұл шығармалардың екеуі де Платонның барлық философиялық туындыларына терең ықпал еткен Сократтың тұлғасын сипаттайды, сондықтан да, Платонды зерттеушілер үшін де, оның кең ауқымды оқырмандары үшін де Сократ қандай болды және не себепті толықтай платонизм – тек Сократ философиясының ары қарай дамуы болғандығын білу қызығушылық тудырады.

Сократ софисттермен бірге, космология мен натурфилософиядан адам мәселесіне, оның ішінде зерде мәселесіне көңіл аударған антикалық философия тарихының жаңа кезеңін ашты. Өз кезеңінде, бұл сөзсіз, философиялық төңкеріс іспеттес болды. Ал қандай да бір төңкеріс батырларды және олардың қажеттігінше ұлы құрбандыққа баруға даяр болуын талап етеді. Осындай ер адам және сол құрбан болған Сократ еді. Оның дәстүрлі адам түсінігін әрдайым талдауға және ондағы бар жақсылықты сақтап, жамандықтың барлығын талқандап, анық-қанығына жетуге деген ұмтылысы, әрине, оның замандастарының арасында түсінбестікті және қорқыныш сезімін тудырып, ал қалған көпшілікте Грекияда бұрын соңды болмаған сын – үрей мен зәреге әкелді. Сократқа атеист, жастарды азғындырушы, мемлекеттік құрылымға нұқсан келтіруші, тіпті жаңа құдайларды ендіруші деген айыптар таға бастады. Сократ адамдардың ізгі ниеттілік пен игілікті әрекеттерімен қалқаланған өтірікті әшкерелеп, өз идеяларын сипаттағанда көрсеткен рухтың күші Платонды әрдайым қуанышқа бөледі, сондықтан да Сократ Платон үшін мәңгілік философияның тірі бейнесі іспеттес. Осындай ұлы ойшылдың бейнесін Платон бізге «Апология» мен «Критонда» суреттейді. «Сократ апологиясы» – диалогтық формада жазылмаған Платонның жалғыз туындысы.

«Апологияда» Платон, Ксенофонт секілді, Сократты атеизмді жақтағаны үшін тағылған айыптан қорғап қалғысы келеді. Ол екі түрлі айыптаудың арасындағы қисынсыздықты көрсетеді. Бірінде – оны атеист деп айыптаса, екіншісінде – бөгде тәңірлерге табынушылықты енгізді дейді. Сонымен қатар, ол оны Анаксагордың әлемдік физицизмінен бөліп қарайды. Оны кейін Аристотель қайталаса да, оның «Апологияда» еш уақытта физиканы талқыламағанын теріске шығаруы жалған мәлімет болып табылады. Платонның өзі «Федонда» Сократтың бір кездері Анаксагордың жер жазық па, әлде домалақ па, ол ғаламның орталығында орналасқан ба, жоқ па, күн мен айдың және басқа аспан денелердің қозғалысы мен жылдамдығының себебі не деген қызығушылығына ортақтасқанын мойындағандығын айтады. Бірақ Платон да, Ксенофонт та Сократтың Анаксагордан көңілі қалуы мынада дейді. Дельфийдегі Аполлон храмы абызынан «Афинада Сократтан асқан данышпан бар ма?» деп сұраған кезде, ол «жоқ» деп жауап береді. Сократ бұл жауап оның өзін тығырыққа тірегенін айтады және ол өздерін алуан текті даналыққа иеміз деп сендірген түрлі топтардың адамдарымен пікірлесе бастайды. Көп ұзамай, саясаткерлер мен ақындардың нағыз білімі жоқ екені, ал нақты бір саладағы нағыз маман саналатын қолөнершілердің, шын мәнінде, арнайы оқуы болмаса да, әмбебап даналықтан үміткер екені белгілі болды. Сократ сәуегейдің сөзінің дұрыстығына көзі жетеді.



Бірақ сонымен қатар, ол өзінің даналығы түкке тұрғысыз екенін түсінеді. Басқаша айтқанда, сәуегей Сократ адамдар арасындағы ең данасы, себебі ол өзінің білімсіздігін біледі, яғни «ешнәрсе білмейтінін біледі» дегенге сайып, ал қалғандары өздерін дана деп санайтындар деген пікірге келеді.

Нақты адамгершілік сұрақтарында шынайы білімді ұстанып жалған пікірлерді әшкерелеу маңызды болды. Сократ бойынша ізгілік пен адамгершілік бір-біріне тең. Ең дұрыс әрекетті білетін адам еш уақытта да басқаша жасамайды және кез келген заңға қайшы әрекеттер білместіктің салдары саналады. Осы тұрғыдан алғанда, оны жастарды азғындық жолға түсірді деп айыптау ақылға сыймайтын мәселе болды. Әлбетте, әр адам өзіне зиянды ықпал ететін жаман адамдардың арасында болғаннан гөрі, жақсы адамдардың арасында өмір сүруді қалар еді. Осыған орай, оның жастарды қасақана азғындық жолға түсіруіне еш себеп жоқ. Ал егер ол мұны байқаусызда жасаса, онда оны жауапкершілікке тартудың орнына, дұрыс әрекетке үйрету керек.

«Апологияда» Сократ адамды жаман әрекеттен сақтандыруға жеткілікті даналыққа иемін деп айтпайды. Керісінше, ол бұрыс шешім қабылдау алдында тұрған кезде, оның әрекетіне араласатын ішкі таңғажайып дауысқа құлақ асатынын жазған. Өлімнен қорыққандықтан атқарып жатқан міндетінен бас тартса, онда бұл, шын мәнінде, Құдайға сатқындық жасау болар еді. Егер оған философиялық ізденістерінен бас тартсаң, бостандыққа шығасың десе, ол: «Афиналық азаматтар, мен сендерді құрметтеймін және жақсы көремін. Алайда мен сендерге емес, Құдайға бағынамын. Тірі тұрғанда және күш-қуатым барда, мен философиямен шұғылданудан және оны үйретуден бас тартпаймын» деп жауап берген болар еді.

Платонның ертеректегі диалогтарында Сократ өзінің философиялық міндетін атқарушы ретінде бейнеленген. Аристотель атап өткен Сократ әдісінің ерекшелігі, нақтырақ айтсақ, индукциялық дәлелдерді пайдалану. Шын мәнінде біз жалпы анықтамалар жетпегенше жеке жағдайлардың шынайылығына сенімді бола аламыз деп болжамдайды. Платонның Сократы кәсіптің немесе техноның мінсіз анықтамасы бар деп сендірмейді. Керісінше, ол кәсіптің сипаты туралы жалпы ақиқатқа қол жеткізу үшін, қайта-қайта жекелеген кәсіптерді қарастырады. Ең соңында, нәтиженің бәрі ізгілікке үйренуге бола ма деген бір сұрақтың айналысында тоғысады. Егер ізгілік дегеніміз – білім болса, онда әлбетте оны үйренуге болады. Алайда ізгілікке үйретуші ұстаздардың ішінен өнеге тұтарлық біреуін табу қиынға соғады. Дегенмен Афинада осы мәселеде өзін сарапшы санайтын және ізеттілік кәсіп, демек оған үйретуге болады дейтін адамдар кем болған жоқ. Олар, әрине софистер еді. Олардың тұжырымдауынша, кәсіпкер егер ол қателікті байқамай жіберсе, саналы түрде қателік жіберген кәсіпкерден жеңіліс табады. Сондықтан егер ізгілік – кәсіп болса, саналы түрде күнә жасаған адам білместікпен күнәлі болған адамға қарағанда соғұрлым ізгілікті. Горгий софистің қорамсағындағы негізгі жебе саналатын риториканы шынайы ізгілік тудыруға қабілетсіз дейді. Протагор, рас немесе жалған екені белгісіз, ізгілік – қандай да болсын әрекет нәтижесінде пайда болатын сүйсіну мен ауырсыну сезімдерінің үйлесімділігінен тұратын өнер болғандықтан, оны үйретуге болады» – деп топшылайды.

«Сократтан Платонға дейін» параграфында Кенни Сократтың ізгілікті дарыту мүмкіндігі туралы айтылған соңғы сөзі екеніне көздері жетіп тұрмаса да, диалогтардың оқырмандары көп кешікпей, «Менон» мен «Федонда» екі түрлі жауапты көреді деп айтады. Сократ «шынайы өмірде ізгілікке және ізгілікке тең жақсы мен жаманға үйретуге болмайды, оларды басқа, үздік әлем туралы естеліктерден ғана қалпына келтіруге болады» дейді. Бұл ізгілік турасындағы нақты тезис емес, білім жайындағы жалпылама тезис ретінде ұсынылады.

«Менон» мен «Федонда», осылайша, екі доктрина – Идеялар теориясы және еске түсіру туралы ілім ұсынылады. Бұлар, ғалымдардың жалпы ұйғарымы бойынша Сократқа емес, Платонға тиесілі. Ресми тұрғыда адамның мәңгі идеяларды еске түсіруді білдіретін анамнесис бұрын соңды болған, бірақ, ұмтылып қалған білім ретінде анықталуы мүмкін. Адам бір нәрсені көргенде немесе естігенде, оны бұрын естіген немесе көрген деп қабылдап түйсінеді және мұндай жағдай еске түсіру деп аталады. Платон бойынша, анамнесис қабылданған және еске түсірілген заттар арасындағы ұқсастық пен ұқсастық еместен көрінуі мүмкін: мысалы, адамды оның суретін немесе оған тиесілі жамылғы әлде лираны көріп еске түсіруге болады. Платонның пікірінше, қоршаған орта туралы біліміміз осындай механизмге ие. Сезімдік



тәжірибе әмбебап теңдік немесе үйлесімділік мысалын көрсетпегендіктен, біз, дегенмен, кейбір сезімдік қабылдаған заттарды тең немесе үйлесімді деп анықтаймыз. Бұл дегеніміз, теңдік немесе үйлесімділік туралы білімнің өзі тең немесе бірдей нәрселерді қабылдаудан туындамайды, бірақ оларды байланыстыру арқылы жадыдан еске алынатын сияқты пайда болады. Дәл осыны басқа идеяларға қатысты да айтуға болады – өздігінен әдемі, игілік, әділ және т.б. Жанның мәңгілігі туралы орфико-пифагорлық ілімге сүйене отырып, Платон идеялар біліміне жан денедегі тууына дейін ие болуы қажет, сондықтан оның осы әлемдегі қандай да бір танымы бұл тек бұрын соңды болған, бірақ уақыт өте келе ұмтылған білімді қайта қалпына келтіру, яғни анамнесис деген шешімге келеді.

«Федонда» Платонның Сократтың түрмедегі соңғы күндері жайлы естеліктері бар. Сократ қашып кету ұсынысынан бас тартады. Ол өзіне берілген тәрбие мен ризашылықта өмір сүргені үшін өзі туған Афинаның заңдарына борыштар екенін, енді онымен келісімді бұзып, заңдарға қырын қарап, қаша алмайтынын айтып, ұсыныстан бас тартады. Сократ өз достарын жанның мәңгілігі туралы ұзын сонар пікірталасқа тартып, өлімге дайындала бастайды. Сократтың досы Критон одан жерлеу рәсіміне қатысты қандай да бір үкімнің бар-жоғын сұрайды. Сонда Сократ оның жанын емес, тек денесін ғана жерлейтінін естен шығармауға бұйырады. Бәлкім, Платон бір диалогта Сократтың өмірінің соңғы сағаттары жайында жазып, өзінің идеялар теориясын алғаш рет ұсынуы кездейсоқ емес шығар. Сонымен қатар, Сократтың физикалық өлімімен бірге платонизмнің метафизикалық және аңыздық формасына ауысқан оның философиясының да соңын байқаймыз.

«Платонның Сократпен кездесуі оның ішкі әлеміндегі төңкеріске әкелді, – деп жазады А.Ф. Лосев. Платон оның қоғамы апатқа келе жатқанын және қоғамдық болсын, саяси өмірде болсын іліп әкетер ештеңе қалмағанын, соған сай бір өзгеше жол таңдау керектігін анық көрді. Сократ жәй ғана жалпы түсініктердің диалектикалық анықтамасын берумен айналысып, жалпылықтың негізінде жекелік пен даралықтың бар шұбарлығын түсіндіруге тырысты. Ол ақылға қонымды әдістердің нәтижесінде алынған жалпы және тектік тұжырымдамалар материядан бөлек тәуелсіз шындық деп жариялаған уақытқа дейін өмір сүрген жоқ. Софисттердің нигилизміне қарсы күрес кезінде Сократтың міндеті жалпылықтың жекеліктен логикалық үстемділігі үшін күресуден тұрды; бұл кезде Сократта арнайы болмыс туралы ілім болған жоқ. Платон – бөлек мәселе.

Платон, жоғарыда айтып кеткендей, сол кездегі антика өркениетінің жетістіктерін бойына терең сіңірді; сонымен қатар, ол Сократ жетпеген және апатты жағдайын әлі де болса толық түсінбеген осы өркениеттің күйреуін (б.з.д. IVғ.) басынан кешірген еді. Сондықтан сол кездегі қоғамдық және мемлекеттік өмірдің барлық түрінен түңілген, бірақ келе жатқан эллинизмнің өзіндік ерекшелігін толық түсіне алмаған Платонға ұлы әлеуметтік апаттарда көмекке келетін адам санасының ерекше саласын пайдалануға тура келді. Бұл сала – арман, қиял, жаңа әрі зерделенген – аңыз, утопия. Шынында, Платон сияқты өзінің әлеуметтік-саяси сынымен, қазіргі заманғы тәртіптің жарамсыздығын сезінумен, өз халқының болашақ тағдырын толық білмей, сонымен бірге барлық өмірді дереу қайта ұйымдастырғысы келген адамға қайда баруға болады? Тек арман мен утопия қалған еді. Идеализм қалды».

Сократ қайтыс болған кезде, Платонның жасы отызға таяп қалған еді. Ол сегіз жыл бойы Сократтың шәкірті болды. Афиналық ақсүйектер отбасынан шыққан Платон қырық жасында Сицилияға аттанып, билік етуші Дионисий I монархының күйеу баласы Дионның жақтасы болады. Осы жолы ол пифагорлық философ Архитаспен танысты. Афинаға қайта оралған кезінде өзінің үйінің жанындағы тоғайда Академия атты философиялық қауымдастық құрды. Бұл жерде ойшылдар оның басшылығымен математика, астрономия, метафизика, этика және мистицизм салаларындағы қызығушылықтарын әңгімелеп, өзара сыр бөлісетін. Платон 347 жылы 80-ге қараған шағында Афинада үйлену тойының үстінде алаңсыз күйде өмірімен қош айтысты.

Платон диалог түрінде жазуды таңдап, өзін ешқашан әңгімелесуші ретінде кірістірмеген. Диалог формасын қолдану Платонға екі тараптан да философиялық қиын мәселелерді талқылаудан жалтаруға мүмкіндік берді, оларға қатысты өзі тапқан ең қуатты дәлелдерді қолдануға тырысты.

Платон диалогтарында қамтылған доктриналардың ең танымалы – Идеялар теориясы. Өзінің Евтифроннан бастаған диалогтарында ол идеялар теориясын жиі қолданады. Оны



шындық деп қабылдайды. Пікірталастарды жүргізу үшін қолданады. Дегенмен диалогтарда бұл теория жайында тікелей және ресми тұжырымдар жоқ. Идеялар теориясының ең айқын және қысқаша сипаттамасы диалогтарда емес, Платонға тиесілі деп есептелетін хаттардың жетіншісінде кездеседі. Хатта Платон жиі баяндайтын мәселе іргелі доктрина ретінде мынадай сипатта беріледі: «Әлемде бар заттардың әрқайсысы туралы біздің танымымызды қалыптастыруға көмектесетін үш саты бар: біріншісі – атауы, екіншісі – анықтамасы және үшіншісі – бейнесі. Төртінші сатысы – білімнің өзі, ал бесінші сатысы – өздігінен танылатын нәрсенің, шын мәнінде, болмыстың нақ өзі болатыны».

Кенни, егер Платонның соңынан ерсек онда «шеңбер», шеңберді анықтау, шеңбер сызбасы және біздің шеңбер жайындағы түсінігіміз сөздерін айырудан бастау керек, – дейді. Осы төрт мәселенің олардың ең бастысы, бесіншісінен айырмашылығы «шеңбердің өзі» деп атаған ең маңыздысында жатыр. Бұл – Платонның әйгілі Теориясына қатысты айтылатын идеялардың бірі.

Кенни Платонның жетінші хатындағы тізімде ненің жетіспейтінін атап өтудің маңыздылығын айтады. Себебі Платон бұл тізімнің ең соңында да шынайы өмірде кездесетін шеңбер пішінді дөңгелек немесе бөшке секілді материалдық заттар туралы мүлдем айтпайды. Мұндай қате кетуінің себебі оның басқа туындыларының үзінділерінен айқын көрінеді. Өмірде көріп жүретін дөңгелек пен бөшкелер ешқашан мүлтіксіз шеңбер пішінді болмайды: иілген немесе томпиған жерлері болуы мүмкін, бұл шеңбердің барлық нүктелерінің орталығынан бірдей қашықтықта болатыны туралы идеяға қайшы келеді. Сонымен қатар бұл біз қағазға немесе құм бетіне бейнелей алатын шеңберге қатысты да айтылады. Менің шеңбер туралы субъективті түсінігім – «шеңбер» ұғымы нені білдіретіні туралы түсінігім – шеңбер идеясына тепе-тең емес. Себебі идея – объективті шындық. Ол қандай болсын жекелеген сананың игілігі. Бірақ менің ойымдағы шеңбер туралы түсінік мінсіз шеңбер туралы түсінік саналады, яғни бұл менің саусағымдағы жүзік сияқты жай ғана шеңбер тәріздес кемеліне жетпеген зат емес.

Платон шеңбер идеясына «шеңбер» сөзін қарастырып бастағаннан кейін келіп, шеңберді шектері оның орталығынан бірдей қашықтықта жататын фигура деп анықтайды. Платон басқа идеяларды да, мысалы адам идеясын, жақсылық, болмыс идеяларын да осылайша қарастырады. Платонның идеялар мен олардың арақатынасы туралы ойларының желісін былай құрауға болады:

- Жалпылық қағидасы. Егер бірнеше зат F болса, онда бұл олардың біртұтас F идеясына қатысатынын немесе соған ұқсас екенін аңғартады;
- Бөліну қағидасы. F идеясы осы F саналатынның бәрінен ерекшеленеді;
- Өзін-өзі сәйкестендіру қағидасы. F идеясы – өз алдына F;
- Айқындық қағидасы. F идеясы – тек F;
- Бірегейлік қағидасы. Тек F идеясы ғана шын мәнінде, нақты, бүтіндей F;
- Ұлылық қағидасы. Идеялар мәңгілік, олардың бөлшектері жоқ, олар өзгермейді және сезім арқылы қабылдана алмайды.

Идеялардың арақатынасын нақты мысал келтіру арқылы Кенни әртүрлі функциялар, таптар, парадигмалар және нақты әмбебаптар – Платоннан көп кейінірек басқа философтар ашқандай, барлығы өз мәселелерін көтереді деген шешімге келеді және біз қалай болғанда да идеяның классикалық теориясына орала алмасақ та ол көтерген мәселелерге қанағаттанарлық жауап беруіміз қажет.

Сонымен біз осы дәрісте жоспарланған сұрақтарды қарастыруды аяқтаймыз. Біздің келесі кездесуіміз Платонның атақты «Мемлекет», «Заңдар», және «Тимей» еңбектеріне арналады.

## Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Сократтың өмірі мен шығармашылығын сипаттағанда философ Платонды және тарихшы Ксенофонтты не біріктіреді?
2. Платонның «Апологиясын» оқып, талдау жасаңыз.



3. Не себепті дельфийлік көріпкел Сократтан басқа дана бар ма деген сұраққа теріс жауап қайтарады?
4. Сократ бойынша ізгілік пен білімнің арақатынасы неде?
5. Платон идеялар теориясының мәні неде?

## Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Әлемдік философиялық мұра: жиырма томдық. 2-том: Антикалық философия / құраст.: Қ.Ә. Әбішев, Т.Ы. Әбжанов., – Алматы: Жазушы, 2005. – 567 б.
4. Хесс Р., Философияның таңдаулы 25 кітабы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
5. Ксенофонт, Сократические сочинения: [перевод с древнегреческого] / Ксенофонт; [вступ. ст. и примеч. С. Соболевского]. – М.: Мир книги : Литература, 2007. – 367 с.
6. Платон, Диалоги. – М.: Академический проект. – 2017.
7. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Ф. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. – 624 с.